

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗАТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЖАҒЫМДЫ ЭМОЦИЯЛАРМЕН ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ

Ербосын Г.А.

Ақмола облысы білім басқармасы «Целиноград ауданы, Ақмола ауылы №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ

Балаларды оқыту мен дамытудың маңызды құрамдас бөлігінің бірі – ерекше білімді қажет ететін балаларды мінез-құлқындағы кемшіліктерді ескере отырып оқыту, олардың ой-өрісін дамыту, қоршаған ортаға бейімділігін арттыру болып табылады. Ерекше білімді қажет ететін балалардың қоршаған ортаға бейімдеу үдерісі – әлеуметтік ортаға әртүрлі формалар мен әрекеттесуінің нәтижесінде, тұлғаның белсенді түрде өмірге деген көзқарастың, келістің қалыптасуы. Ерекше білімді қажет ететін балалардың жүріс-тұрысындағы кемшіліктер олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, оның жеке қасиеттеріне, яғни оқу, жазу, ортаға бейімделу әрекеттерінің бұзылуын қалыптастырып, баланың үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасына кері әсер етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала – бұл салыстырмалы түрде жаңа, бірақ жеткілікті түрде қалыптасқан ұғым, ол әлемнің барлық елдерінде унитарлықтан ашық азаматтық қоғамға көшу кезінде пайда болған, ол қоғам арасында ауытқулары бар балаларға деген көзқарастың дамуын, олардың құқықтарын жаңа түсінуді көрсету қажеттілігін түсінгенін білдіріп негіздейтін түсінік. Ерекше білімді қажет ететін балалар дамуында белгілі бір кемшіліктері болағынан және оларды тәрбиелеу мен оқыту процесіне арнайы тәсілді талап ететіндігін айқындайды. Автордың айтуынша, осындай арнайы жұмыстардың жүйелі орнығуы танымдық саланың дамуына, жағымды эмоциялар мен жігер саласының жетілуіне әкеледі.

Эмоция - адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакцияның болуы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй тұрпаты. Ол адамның әр түрлі қажетсінулерге қанағаттануына (ұнамды эмоция) немесе қанағаттанбауына (ұнамсыз эмоция) байланысты. Яғни эмоциялар реті мен адамдардың іс-әрекетінің өнімді болуына әсер етеді. Жағымды эмоциялар - күлкі, қуаныш, шаттық, қызығу, қуану, күлу, масаттану сезімдері. Эмоциялар бейімдеуіш, мотивациялық немесе әлеуметтік тұрғыдан жауап бере алады.

1. Бейімделгіш: денені алдыңғы әрекетке бейімдеуге дайындайды, яғни ол қоршаған орта жағдайына сәйкес жүру керек әрекетке бейімделеді.

2. Мотивациялық: белгілі бір мақсатқа жету мотивациясын ынталандырады немесе азайтады.

3. Әлеуметтік: бұл болжамды компонентті сақтайды, бұл бөгде адамдар біздің қалай әрекет ететінімізді ең төменгі деңгейде сезінуі мүмкін және оны адамдар басқалардан көре алады, бұл адамдар арасындағы қатынастарға ықпал етеді.

Сонымен, жағымды эмоциялар бос орыннан пайда бола бермейді, олардың қалыптасуын негіздейтін арнайы жұмыстар легі орындалуы жөн. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикалық және дене ерекшеліктерінің салдарынан жағымды эмоциялардың қабыптасу үдерісі тежеледі, шектеледі немесе мүлдем жоғалады. Сондықтан, жағымды эмоцияларды тудыратын жұмыс түрлеріне шолу жүргізу ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың түзету мен компенсациялық әрекеттің бастамасы болмақ.

Әйгілі ғалым К.А Покровский ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады деп бекер айтпады. Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. В.С.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуы да мүмкін емес». Ойын арқылы балалар көп нәрсені үйреніп тез ұғынып сол ойынға қорытынды жасапта үйренеді.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға

берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды осы сезім оны талпыныстарға жетелейді.

Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Атақты психолог Д.Б.Эльконин сюжеттік-ойындарға мынадай анықтама берді: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» деп көрсетті. Сюжеттік рөлдік ойындардың көзі-балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді. Бала үлкендердің кез келген ісін табысты істей алады, кез-келген ситуацияға кіре де алады, қалаған оқиғасын бастан өткізеді. Бұл мүмкіндіктер баланың практикалық әлемін кеңейтеді, дамуына жағымды эмоционалды рен береді.

Сюжеттік-рөлді ойындардың құрылымы:

- сюжет;
- мазмұн;
- рөлдер;
- ойын амалдары.

Ойын сюжеттері әр түрлі Тұрмыстық ойындар, балабақша, жанұя т.б. Сюжеттік-рөлдік ойындардың негізгі мазмұны үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Сюжеттік-рөлдік ойынның негізгі дңтегі болып табылады. Ойында рөлдің болуы бала санасында өзін қандай да бір адаммен теңетіреді де, ойында соның артынан әрекет етеді соған сәйкес қажетті заттарды пайдаланып, басқа ойыншылармен түрлі қарым-қатынасқа түседі. Сюжетті орындаудың негізгі құралдарының бірі ойын амалдары. Ол дегеніміз - ойынның түпкі ойы, және ережелері. Ойынның түпкі ойы - бұл балалар нені және қалай ойнайтындығын анықтау. Ойын процесіндегі ережелерді балалар өздері қояды, ал кейбір ойындарда үлкендер, олар ойнаушылардың тәртібі мен қарым қатынасын анықтайды және реттейді. Сюжеттік-рөлдік ойындардың құрылымын қорытындылап айтсақ: ойынның түпкі ойы, сюжеті, мазмұны, ойын амалдары, ережелері балалар өмірінде маңызды орын алатын ойында кездеседі.

Сюжеттік-рөлдік ойындардың потенциалдылығы жағымды эмоцияларды қалыптастыру үдерісінде мол. Сондықтан, аталмыш тәсілді қолдану жалпы ерекше білім беру балалардың ортаға бейімделуін әлдеқайда арттырады.

Қазіргі заманның психологиялық-педогогикалық зерттеулерде сюжеттік ойын - адамның кез келген іс-әрекеті сияқты балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжеттік-рөлдік ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетіледі.

Есейе келе, бала ойын барысында әр түрлі оқиғалардың бірізділігін өрістетуге тиіс, оларды өзінің және 2-3 құрдас серіктестің ойластырғанына сәйкес ұластыруы тиіс, сюжетті оқиғаларды рөлдік ара-қатынас арқылы және заттармен әрекет ету арқылы жүзеге асыру тиіс. Балаларды ойынға тартып, олармен бірге ойнау үшін тәрбиешінің өзі белгілі бір түрде құрылған сюжетті «тірідей» ойын процесінде балаларды қызықтыратын тақырыпқа сүйеніп, еркін өрістетуге үйрету керек. Адам іс-әрекетінің ерекше түрінің бірі-ойынның пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ойын-өнер мен көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіріледі. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

- өзін еркін сезінеді.
- ізденімпаздық тапқырлық әрекет байқатады.
- сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне енеді.

Баланың сөйлеу қабілеті арта түседі, сөздік қоры молаяды.

Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын, оқушылардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Сюжеттік-рөлдік ойындарды сахнада ойнап көрсету үшін, оқушылардың оған толық қатысуы үшін сыныпты 4-6 адамнан тұратын топтарға бөлген жөн. Топтар бір ойынды кезек-кезек көрсетуі мүмкін. Бұл кезде қалғандары көрермен болып отырады. Содан соң бүкіл сынып болып әрекеттерді талқылауға болады. Алғашқы кезде балаларды белгілі әңгіме, ертегі немесе мысалды сахналауға үйрету оңай болады. Кейіннен олар мұны меңгеріп болған соң, олардың өз шығармаларын ойнап көрулеріне болады. Мысалы, «Сүйіспеншілік» ойынын алайық. Мұғалім бағыттаушы сөзді тандап айтады. Ойынға қатысушылар соған мәндес сөзді айтып, допты келесі ойыншыға лақтырады. Мысалы, сен әдемісің, сен бүгін сүйкімдісің! «Құнды қасиеттер» ойыны. Музыка ойнайды. Балалар шеңбер құрып отырады. Күні бұрын даярланып қойған парактарға құнды қасиеттер жазылады. Бала соның мағынасын аша білу керек.

«Пантомима» ойыны. Балалар топтарға бөлінеді. Әр топқа, мысалы: достық, қамқорлық, сыйластық, сүйіспеншілік деген секілді тақырыптар беріледі. Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді. Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады. Спорт, ойындар, серуен, мектептен тыс кездесулер кезіндегі пікірталастар, әсерлі әңгімелер, мұражайға, театрға немесе классикалық музыка концертіне бірге бару, үйірмелер, театрланған сабақтар – осының бәрі рухани-адамгершілік тәрбие үшін тамаша құралдар. Олар баланың шығармашылығын оятып, жан дүниесімен сезінетін тамаша ойларға жетелейді. Ал одан жағымды қасиеттер туындайтыны белгілі.

Сонымен, №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің шарттарында автормен келесі сюжеттік-рөлдік ойындар сәтті түрде жағымды эмоцияларды тудырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоршаған ортаға бейімделуін нығайтады:

1. «Отбасы».

Мақсаты: Балаларға «Отбасы» туралы түсінік беру, олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.

Керек заттар: Үй жиһаздары, ыдыстар, киім-кешектер

2. «Тігінші»

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

3. «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.

Керекті заттар: Дәрі - дәрмектер, кітапшалар, атрибуттар, халаттар, бас киімдер, құрал - жабдықтар.

Әдіс - тәсілдер: Ойын ойнау арқылы әңгімелесу, сұрақ – жауап

4. Билайн орталығында

Мақсаты: Балаларға рөлдерді өз беттерімен бөлуді және өзіне бөлінген рөл бойынша әрекет етуді үйрету. Ойын барысында әлеуметтік болмысты көрсету, қоғамдық орындардағы мінез құлық ережелерін, қызметтестер арасындағы этиканы бекіту, сөйлеу этикетінің дағдыларын қалыптастыру, топтық жұмысқа кірісуге және сол жұмыс барысында өзіне ұнайтын жағдайларды табуға үйрету, тапсырманың орындалуының сапасын бағалауға үйрету, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру.

Атрибуттар: Ұялы телефондар, компьютерлер, бланкілер, қызметкерлерге арналған бейждер, терминал.

Қорыта келсек, балалардың өзіндік өмірлік тәжірибесін, олардың ой-өрісін, әлеуметтік өмірге қызығушылығын, өмір жайлы түрлі білімдерді кеңейту негізінде сюжеттік-рөлдік ойындардың мазмұны, сюжеттің ауқымы және рөлдермен байыта отырып, жағдай жасалады. Ойын - бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://bilimdiler.kz/balabaksha>
2. <https://kk.wikipedia.org>
3. Гончарова Е.Л., Никольская О.С., Кукушкина О.И. Дети с особыми образовательными потребностями в системе понятий культурно-исторической психологии//Альманах Института коррекционной педагогики. - 2019. Альманах № 39, С.4-9.

АВА-ТЕРАПИЯ ӘДІСІМЕН АУТИСТТІК СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ МЫСАЛЫНДА ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ӨЗГЕРУІ

Кадырова С.Е, Рахметова А.М.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылуы – ең көрнекі сипат, яғни бұл аутистік спектр бұзылысын басқа даму бұзылыстардан анағұрлым ерекшелеп ажыратады. Аутистік спектрінің бұзылысы бар балалармен жүргізілетін заманауи дәстүрлі және дәстүрлі емес жаңашыл бағыттағы жұмыстардың түрлері өте көп. Солардың бірі де бірегейі қазірде ең нәтижелі жемісін беріп жүрген бағдарламаның бірі ол « (АВА)» мінез-құлықты талдау әдісі. «АВА» әдісін аутизм синдромы бар балаларға тұңғыш рет АҚШ-та 1963 жылы дәрігер Ивар Ловаас қалданған. Бұл әдіс сөйлеу және қарым-қатынастық дағдыларды жақсартуға, зейінін тұрақтандыруға, әлеуметтік дағдыларды жақсарту үшін қолданылатын көптеген түрлі әдістерді қамтиды. Психология мен дефектологияның дамуының қазіргі кезеңінде дизонтогенез жағдайында әлеуметтену мен тұлғаның қалыптасуын зерттеуге (дамудың